

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Үкіметі арасындағы Экономикалық, ауыл шаруашылық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 желтоқсандағы N 1311 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 10 қыркүйекте Вена қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Үкіметі арасындағы Экономикалық, ауыл шаруашылық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Үкіметі арасындағы Экономикалық, ауыл шаруашылық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық туралы келісім**

**(2011 жылғы 1 ақпанда күшіне енді -**

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені, 2011 ж., № 1, 10-құжат)**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Үкіметі (бұдан әрі - **Т а р а п т а р**) ,

бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық қоғамдастықтар мен олардың мүше мемлекеттері арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы 1995 жылғы 23 қаңтардағы келісімді басшылыққа ала отырып,

қазіргі сыртқы экономикалық қатынастарды нығайтуға және кеңейтуге ниет білдіре **о т ы р ы п** ,

экономикалық, ауыл шаруашылық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастықты теңдік пен өзара пайда негізінде көтермелеуге және **т е р е ң д е т у г е                      ұ м т ы л а                      о т ы р ы п** ,

осы Келісім екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін қолайлы алғышарт және **н е г і з                      б о л а т ы н ы н а                      с е н е                      о т ы р ы п** ,

экономиканы одан әрі дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғаудың маңызды мәнін

т а н и

о т ы р ы п ,

өз мемлекеттерінің қолданыстағы ұлттық заңнамасы шеңберінде,  
мына төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде экономика, ауыл шаруашылығы, табиғатты қорғау, өнеркәсіп, техника және технологиялар саласындағы қатынастарды дамытуды және тереңдетуді жалғастыратын болады.

### **2-бап**

Тараптар 1-бапта белгіленген мақсаттарға сәйкес өз мүмкіндіктері шеңберінде кәсіпорындар, ұйымдар, бірлестіктер, (бұдан әрі - кәсіпорындар), сондай-ақ өз мемлекеттерінің мекемелері арасындағы сыртқы экономикалық байланыстар орнатуға және дамытуға ықпал ететін болады.

### **3-бап**

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықтың бірлескен жобалары мен басқа да нысандарын жүзеге асыру кезінде Тараптар техниканың жаңа деңгейіне сәйкес қазіргі заманғы, ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды қолданатын болады.

### **4-бап**

Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде және осы Келісімнің 3-бабының ережесін ескере отырып, мынадай салалардағы ынтымақтастыққа ықпал е т е т і н б о л д ы :

ауыл және орман шаруашылығы, ауыл шаруашылығы мен орманшылыққа арналған т е х н и к а ;

тамақ өнімдерін өндіру: ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, жинақтау, қ а т т а у ж ә н е т а с ы м а л д а у ;

тауарлардың әлемдік рыноктағы бәсекеге қабілетті өндірісі қоса алғанда, жеңіл ө н е р к ә с і п ;

тау-кен өндіруші өнеркәсібіне арналған жабдықтар өндірісін, ауыл шаруашылық машина жасауды қоса алғанда, машина жасау және металл өңдеу;

электронды және электротехникалық өнеркәсіп;

конверсияны қоса алғанда, қазіргі жабдықтарды қалпына келтіру, жаңғырту, а в т о м а т т а н д ы р у ;

энергияның балама көздері (желдің, биомассаның және басқалардың энергиясы);

металлургия және металлургиялық кешендерді салу;  
тау-кен өнеркәсібі;  
медициналық және фармацевтік өнеркәсіп;  
мұнай өндіру және мұнай-химия өнеркәсібі;  
газ өнеркәсібі;  
өсімдіктерді қорғау құралдарын қоса алғанда, химия өнеркәсібі;  
құрылыс материалдарын өндіру;  
тұрғын үй құрылысы және өңірлерде әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу,  
құрылыс өнеркәсібін қалпына келтіру және жаңғырту;  
электр станциялары мен электр желілерін кеңейту және қалпына келтіру;  
қоршаған ортаны қорғау және табиғатты қорғау технологиялары;  
денсаулық сақтау және медициналық техника;  
қаржы саласы мен банктік қызметтер көрсету саласы;  
маркетингтік және консалтингтік қызметтер көрсету;  
технологиялар мен ноу-хауды беру, қолданбалы зерттеулер.

## 5-бап

Тараптар мынадай салаларда табиғатты қорғау мен экономикалық қолайлы инфрақұрылым жүйелерін дамыту жөніндегі ынтымақтастыққа неғұрлым зор мүдделілік танытатын болады:

ауыл шаруашылығы;  
табиғатты қорғау;  
темір жол;  
әуе тасымалдары;  
су көлігі;  
жол салу;  
коммуналдық қызметтер көрсету;  
телекоммуникациялар;  
энергетика;  
су шаруашылығы;  
қоқысты қалдықсыз қайта өңдеу;

туризм.

## 6-бап

Өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде:

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы Конференциясының Туризм және халықаралық сапарлар туралы (Рим, 1963 жыл) және Туризм және туристік код туралы хартиясы (София, 1985 жыл) ұсынымдарының негізінде туризмді дамытатын болады.

2. Туризм саласындағы жобаларды іске асыру кезінде, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымдарды құру кезінде кәсіптік, экономикалық, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық қоршаған ортаны қорғау мен туристік қызметтер көрсетудің жоғары сапасының негізін қалайтын қағидаттарынан туындайтын болады.

### **7-бап**

Өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде Тараптар 1883 жылғы 20 наурыздағы Өнеркәсіп меншігін қорғау жөніндегі Париж конвенциясы негізінде зияткерлік меншікті қорғау мен оны енгізуге ықпал ететін болады.

### **8-бап**

Өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде Тараптар ынтымақтастықтың мынадай нысандарына айрықша назар аударатын болады:

өндіріс қуаттарын неғұрлым тиімді пайдалану, қалдығы аз әрі қалдықсыз өндірістерді енгізу, өндірістік шығындарды азайту және бәсеке қабілеттігін арттыру мақсатында кәсіпорындар арасындағы кооперациялық келісімдер;

осы Келісімде көзделген салаларға инвестициялар;

қолданбалы зерттеулер саласындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру; экспортқа шығарылатын өнімге қойылатын техникалық талаптарды үйлестіру; табиғатты қорғауды қоса алғанда, зерттеулер жүргізу, сондай-ақ тиісті сараптама қорытындыларын дайындау;

бірлескен семинарларды, симпозиумдарды, конференциялар мен сарапшылық кездесулерді ұйымдастыру және өткізу;

маркетинг, стратегиялық жоспарлау және өндірісті басқару саласында консультациялық қызметтер көрсету;

экономикалық, техникалық және табиғатты қорғау мәселелері бойынша көрмелер, семинарлар ұйымдастыру және өткізу, миссиялар және сарапшылармен алмасу; мемлекеттік мекемелерге арналған техникалық көмек және ноу-хау алмасу;

### **9-бап**

Тараптар мемлекеттерінің кәсіпорындары арасындағы экономикалық, ауыл шаруашылық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық осы Келісім шеңберінде коммерциялық негізде және нарық экономикасының қағидаттарына сай жүзеге асырылатын болады.

### **10-бап**

Тараптар шағын және орташа кәсіпорындардың екі жақты экономикалық ынтымақтастыққа неғұрлым терең қатысуының пайдалылығы мен қажеттілігін таниды және қазіргі мүмкіндіктер мен өз мемлекеттерінің қолданыстағы ұлттық заңнамасы шеңберінде осы ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін болады.

## 11-бап

Әрбір Тарап өз мүмкіндіктері шегінде, сондай-ақ өз мемлекетінің қолданыстағы заңнамасы шеңберінде екінші Тараптың, ең алдымен, техника, сыртқы сауда, экономиканы басқару, қоршаған ортаны қорғау, туризм, өнеркәсіптік меншікті құқықтық қорғау, мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы, банктік, қаржы және сақтандыру қызметтерін көрсету саласындағы кәсіпорындар мен мекемелердің мамандары мен менеджерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға ықпал ететін болады.

## 12-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің кәсіпорындарына даулы мәселелерді, бірінші кезекте, достық келіссөздер жолымен шешуге ұсыным жасайды. Егер келісімге қол жеткізілмесе, онда Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы (ЮНСИТРАЛ) әзірлеген сот ережелерін пайдалануға немесе Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындауға келтіру туралы конвенциясына (Нью-Йорк, 1958 жылғы 10 маусым) қатысушы болып табылатын мемлекеттің төрелік сотының көмегіне жүгінуге ұсыным жасайды.

## 13-бап

1. Екі жақты ынтымақтастықты тереңдетуге және дамытуға жәрдемдесу мақсатында осы Келісіммен Қазақстан-австрия экономикалық, ауыл шаруашылық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясын (бұдан әрі - Комиссия) құрады. Комиссия отырыстары уағдаластыққа сәйкес және Қазақстан Республикасы мен Австрия Республикасында кезектесіп өткізілетін болады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері:  
екі жақты сыртқы экономикалық байланыстардың жай-күйін талқылау және дамыту ;

экономикалық, ауыл шаруашылық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастықты жақсарту және қарқындыру мақсатында ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ;

бірлескен жұмыстардың басымдықтарын айқындау;  
осы Келісімнің мақсаттарын іске асыру үшін ұсынымдар енгізу болып табылады.

3. Осы Келісімді түсіндіру туралы Тараптар арасындағы келіспеушіліктер Комиссия шеңберінде шешілетін болады.

4. Комиссияның бірінші отырысы шеңберінде Тараптар қаржыландыру тәртібін қоса алғанда, Комиссия жұмысын регламенттейтін шешім қабылдайды.

## **14-бап**

1. Осы Келісім Австрияның Еуропа Одағына қатысуынан туындайтын міндеттемелерді қозғамайды. Осыны негізге ала отырып, осы Келісімнің ережелері Тараптардың Еуропа Одағы туралы Шарттан немесе Қазақстан Республикасы мен Еуропа Қоғамдастығы арасындағы келісімдерден немесе Тараптар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелерін ешқандай жағдайда бұзатындай немесе қозғайтындай қолдануға немесе түсіндіруге болмайды.

2. Осы баптың 1-абзацын қолдану жөнінде келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар бірлескен консультациялар өткізеді.

## **15-бап**

Осы Келісімнің мерзімі өзгеруі немесе аяқталуы осы Келісімнің қолдану мерзімі ішінде Тараптар кәсіпорындарының арасында жасалған шарттарды орындауға кедергі болмайды.

## **16-бап**

Тиісті мемлекетішілік рәсімдерді сақтау кезінде осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және олар осы Келісімнің 17-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

## **17-бап**

1. Осы Келісім күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған айдан кейінгі үшінші айдың бірінші күнінен бастап осы Келісім күшіне енеді.

2. Осы Келісім үш жылға жасалады және егер Тараптардың біреуі осы Келісімді қолдану мерзімінің аяқталуына дейін үш ай бұрын дипломатиялық арналар бойынша екіншісіне оны бұзу ниеті туралы жазбаша хабарлама жібермеген болса, келесі жылға өздігінен ұзартылатын болады.

2004 жылғы 10 қыркүйекте Вена қаласында, екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Австрия Федералдық  
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК